

"Қызылсай" мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 4 қазандағы № 239 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 қазанда № 24738 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағы 7) тармақшасына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қызылсай" мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

Н. Ногаев

Маңғыстау облысының әкімі
2021 жылғы 4 қазандағы № 239
қаулысына қосымша

"Қызылсай" мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшері

№	Қызметтер атауы	Өлшем бірлігі	Пайдалану уақыты	Тарифтер мөлшері (теңге)
1.	Экскурсия ұйымдастырушы қызметін ұсыну	1 топ (20 адамға дейін)	1 тәулік	3 906
2.	Жолсерік қызметін ұсыну	1 топ (20 адамға дейін)	1 тәулік	2 450
3.	Көлік (шағын автобус) қызметтерін ұсыну	1 бірлік (16 адамға дейін)	1 тәулік	31 340
4.	Туристік құрал-жабдықтар ұсыну:			
	1. Туристік шатырды ұсыну;	1 бірлік	1 тәулік	4 3 7
	2. Жатын қапшықты ұсыну;	1 бірлік	1 тәулік	6 3 4
	3. Вагон-үйшікті ұсыну (6 адамға)	1 бірлік	1 тәулік	7 655
5.	Көлік тұрақтарын ұсыну	1 бірлік	1 тәулік	400

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК